

**ШҚО мәдениет басқармасының
«Шығыс қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы» КММ**

Ақпараттық-библиографиялық орталық



Өскемен қаласы, 2025

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Шығыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы «Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2026 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер күнтізбесінің» кезекті шығарылымын әзірледі. Бұл басылымда 2026 жылы атап өтілетін өңірдің саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі маңызды оқиғалар қамтылған.

Басылымның мақсаты әдебиеттерді таңдауда, библиографиялық анықтамаларды орындауда, жұмыс жоспарларын құруда көмек көрсету.

Күнтізбе екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде, 2026 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбесі берілген, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Алдымен күні нақты белгілі есімдер мен оқиғалар берілген. Одан кейін күні анықталмаған есімдер мен оқиғалар ұсынылады. Бірінші бөлімдегі «*» белгісі қойылған даталар күнтізбенің екінші бөлімінде кеңірек ашылып көрсетілген. Бұл бөлімде әр тарихи және өмірбаяндық дерекке қысқаша анықтама мен әдебиеттер тізімі қоса берілген.

Бөлімдердің ішіндегі материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған. Әр анықтамадан кейінгі әдебиеттер тізімі авторлар мен шығармалар атауларының әліпби тәртібімен берілген. Күнтізбе соңында аталған тұлғалардың алфавиттік көрсеткіші мен мерейгер кітаптар орналастырылған.

Даталарды анықтау және нақтылау жұмыстары облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының анықтамалық-библиографиялық аппараты негізінде жүргізілді.

Осы басылым жөніндегі барлық пікірлеріңіз бен ескертпелеріңізді, сондай-ақ ұсыныстарыңызды төменде көрсетілген мекенжайға жолдауыңызға болады:

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Өскемен қаласы,

Космическая көшесі, 6/2

«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы»

КММ

Ақпараттық-библиографиялық орталық

телефон: 8(7232)22-63-37

e-mail: <http://shqolibrary.kz>

I БӨЛІМ:

2026 ЖЫЛЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ КӨЛЕМІНДЕ АТАЛЫП ӨТІLETІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН АЙТУЛЫ КҮНДЕР

ҚАҢТАР	
1 қаңтар	Кеңес Одағының Батыры, ШҚО Зайсан ауданының тумасы Василий Евстафьевич Головченконың туғанына 105 жыл (1921-1990).
-	Ақын Мырзабек Қабыловтың туғанына 75 жыл (1951).
-	Тұрғысын су электр станциясының алғашқы ток бергеніне 90 жыл (1936).
8 қаңтар	Жазушы, Өскемен қаласының тумасы Ефим Николаевич Пермитиннің туғанына 130 жыл (1896 - 1971 жж.).
17 қаңтар	Зыряновский кентінің Зыряновск қаласы болып қайта құрылуына 85 жыл (1941).
23 қаңтар	Риддер қаласының энергетикалық шаруашылығын дамытуға зор үлес қосқан Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі Иван Васильевич Бердустың туғанына 120 жыл (1906-1970).
24 қаңтар	Жазушы, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ШҚО Катонқарағай ауданының тумасы Әлібек Асылбайұлы Асқаровтың туғанына 75 жыл (1951).
-	Ақын Нұржан Қуантайұлының туғанына 55 жыл (1971).
27 қаңтар	Ақын Виктор Григорьевич Германовтың туғанына 90 жыл (1936)
29 қаңтар	Кеңес Одағының Батыры Василий Романович Спириннің туғанына 100 жыл (1926-1992).
30 қаңтар	Өскемен қаласының Құрметті азаматы, ШҚО Самар ауданының тумасы Алиппида Ивановна Черкашинаның туғанына 90 жыл (1936-2015).
қаңтар	Өскемен қаласында Жамбыл атындағы облыстық драма театрының (қазіргі Шығыс Қазақстан облыстық драма театры) құрылғанына 90 жыл (1936).
АҚПАН	
4 ақпан	Шығыс Қазақстан зерттеушісі Александр Иванович Шренктің туғанына 210 жыл (1816-1876).
12 ақпан	Шығыс Қазақстан және Семей облыстары құрамындағы әкімшілік-аумақтың Абыралы ауданы шаруаларының күштеп ұжымдастыру және артық иемдену саясатына қарсы Абыралы көтерілісіне 95 жыл (1931).
НАУРЫЗ	

3 наурыз	Педагогика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ШҚО Ұлан ауданының тумасы Күләш Құнантаеваның туғанына 95 жыл (1931-2024).
4 наурыз	География ғылымдарының докторы, Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ профессоры Анна Васильевна Егоринаның туғанына 80 жыл (1946-2024).
6 наурыз	Кеңес Одағының Батыры, ШҚО Күршім ауданының тумасы Павел Павлович Журбаның туғанына 115 жыл* (1916-1989).
14 наурыз	Қазақстанның опера өнерінің негізін қалаушылар, халық әртістері, Өскемен қаласының тумалары Ришат (1916-1988) және Мүсілім Абдуллиндердің (1916-1996) туғанына 110 жыл .
17 наурыз	Журналист, өлкетанушы, Риддер қаласының тарихы бойынша алғашқы баспа басылымының авторы Павел Антонович Иевлевтің (Алтайский) туғанына 120 жыл (1906-1988).
20 наурыз	А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының құрылғанына 130 жыл (1896).
24 наурыз	Кеңес Одағының Батыры, ШҚО Марқакөл ауданының тумасы Алексей Семенович Крахмальдың туғанына 115 жыл (1911-1987).
-	Рудный Алтайда ара шаруашылығының қалыптаса бастағанына 240 жыл (1786).
26 наурыз	Зайсан қаласында алғашқы кітапхананың ашылғанына 130 жыл (1896).
НАУРЫЗ	«Звено Алтая» әдеби бірлестігінің құрылғанына 105 жыл (1921).
СӘУІР	
4 сәуір	Суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, ШҚО Марқакөл ауданының тумасы Ержан Сабырбекұлы Тұрғанбаевтың туғанына 55 жыл (1971).
10 сәуір	Жазушы, Ұлы Отан соғысына қатысушы, ШҚО Зырян ауданының (қазіргі Алтай ауданы) тумасы Александр Иванович Егоровтың туғанына 100 жыл (1926-2017).
12 сәуір	Ғалым, жазушы-өлкетанушы Семен Николаевич Герасимовтың туғанына 125 жыл (1901-1989).
14 сәуір	Демограф-ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өскемен қаласының тумасы Александр Николаевич Алексеенконың туғанына 70 жыл (1956).

21 сәуір	Журналист, жазушы, Шығыс Қазақстан облыстық «Звено Алтая» әдеби бірлестігінің мүшесі Евгений Лазаревич Худяковтың туғанына 120 жыл (1906-1964).
22 сәуір	Журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ШҚО Ұлан ауданының тумасы Жұмаділ Әділбайұлы Әділбаевтың туғанына 80 жыл (1946).
29 сәуір	Бірінші шығысқазақстандық гидроқұрылысшы, өнеркәсіптік өндірістің жаңашылы, Социалистік Еңбек Ері Михаил Васильевич Инюшиннің туғанына 130 жыл (1896-1965).
МАМЫР	
1 мамыр	Журналист, жазушы, аудармашы, Қазақстан Журналистер одағы және Жазушылар одағының мүшесі, ШҚО Зайсан ауданының тумасы Кәдірбек Сегізбаевтың туғанына 85 жыл (1941).
16 мамыр	Ақын, публицист, аудармашы, Риддер қаласының тумасы Михаил Сергеевич Немцевтің туғанына 70 жыл (1956-2019).
-	Риддер қаласының негізі қаланғанына 240 жыл (1786).
21 мамыр	Журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Шығыс Қазақстанның тарихы мен мәдениеті туралы кітаптардың авторы Андрей Иванович Кратенконың туғанына 65 жыл (1961).
мамыр	1952 жылы Зырян қорғасын комбинаты (қазіргі «Алтай» байыту фабрикасы) болып қайта құрылған Зырян кен басқармасының ұйымдастырылуына 95 жыл (1931).
МАУСЫМ	
5 маусым	Өскемен қаласында Шығыс Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату жолында күрескендерге арналған обелискінің ашылғанына 75 жыл (1951).
15 маусым	Ақын, қоғам қайраткері, Шығыс Қазақстан облысының «Звено Алтая» әдеби бірлестігінің жетекшісі Наталья Семеновна Матвееваның туғанына 75 жыл (1951),
16 маусым	Жазушы, Өскемен қаласының тумасы Александр Мелентьевич Волковтың туғанына 135 жыл (1891-1977).
18 маусым	Кеңес Одағының Батыры Иван Михайлович Яроцкийдің (1916-1980) туғанына 110 жыл .
19 маусым	Өскемен жиһаз комбинатының алғашқы өнімін бергеніне 70 жыл (1956).

22 маусым	Тарихшы-өлкетанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өскемен қаласының құрметті азаматы Николай Владимирович Алексеенконың туғанына 95 жыл (1931-2009).
30 маусым	Жазушы, журналист, аудармашы, ШҚО Ұлан ауданының тумасы Кеңес Юсуптың туғанына 85 жыл (1941-2017).
МАУСЫМ	Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін 42 күн өткен соң іске қосылған « Восточное кольцо » трактінің II кезегінің құрылысына 85 жыл (1941).
ШІЛДЕ	
10 шілде	Кеңес Одағының Батыры Дмитрий Иванович Ефремовтың туғанына 100 жыл (1926-2005).
17 шілде	Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрылғанына 25 жыл (2001).
20 шілде	Жазушы, ШҚО Тарбағатай ауданының тумасы Ахмет Жүнісовтың туғанына 100 жыл (1926-1998).
22 шілде	Ғалым-тарихшы, «Парасат» орденінің иегері, ШҚО Зайсан ауданының Құрметті азаматы Керейхан Рахымжанұлы Аманжоловтың туғанына 100 жыл (1926-2006).
29 шілде	Құрылысшы, Өскемен қаласының Құрметті азаматы Владимир Георгиевич Плохихтың туғанына 90 жыл (1936-2017).
ТАМЫЗ	
3 тамыз	Әнші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, ШҚО Күршім ауданының тумасы Дауыл (Жайлаухан) Қайроллиннің туғанына 80 жыл (1946-2002).
4 тамыз	Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының құрылғанына 50 жыл (1976).
8 тамыз	Географ-зерттеуші, өлкетанушы Александр Никитич Седельниковтың туғанына 150 жыл (1876-1919).
10 тамыз	Ғалым, техника ғылымдарының кандидаты, көрнекті қоғам қайраткері, Өскемен қаласының тумасы Михаил Николаевич Головкинның туғанына 90 жыл (1936-1996).
-	Өскемен қаласының Құрметті азаматы, ШҚО Шемонаиха ауданының тумасы Вера Николаевна Сухорукованың туғанына 75 жыл (1951-2020).
ТАМЫЗ	Өскемен қаласында Мариин қыздар училищесінің ашылғанына 125 жыл (1901).
ҚЫРКҮЙЕК	

1 қыркүйек	Ертіс мыс балқыту зауытының іске қосылғанына 95 жыл. (1931).
4 қыркүйек	Риддер кенішінің Крюков кен орнының ашылғанына 215 жыл (1811).
12 қыркүйек	Жазушы Павел Савельевич Пивоваровтың (1926–2013) туғанына 100 жыл.
16 қыркүйек	«Словарь русских личных имен» еңбегінің авторы, ШҚО Өскемен қаласының тумасы Никандр Александрович Петровскийдің туғанына 135 жыл (1891-1968).
19 қыркүйек	Журналист, ақын, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ШҚО Глубокое ауданының тумасы Семен Михайлович Анисимовтың туғанына 115 жыл (1911-1978).
21 қыркүйек	Өскемен қаласының Құрметті азаматы Арсентий Иванович Геворкянның туғанына 90 жыл (1936-2022).
26 қыркүйек	Саяси жер аударылған, өлкетанушы, Шығыс Қазақстанның зерттеушісі Евгений Петрович Михаэлистің туғанына 185 жыл (1841-1913).
-	Журналист, өлкетанушы, Шығыс Қазақстанның зерттеушісі Иван Георгиевич Макеевтің туғанына 115 жыл (1911-1985).
-	Өскемен қаласында мәдени-ағартушылық училищесінің ашылғанына 50 жыл (1976). 1996 жылы ол музыкалық колледжбен біріктіріліп, қазіргі таңда Абдуллин бауырлар атындағы өнер колледжі болып аталады.
ҚЫРКҮЙЕК	Зайсан қаласында ерлер приходтық училищесінің ашылғанына 145 жыл (1881).
ҚАЗАН	
3 қазан	80 жыл бұрын Өскеменде 600 абонентке арналған жартылай автоматты телефон станциясының алғашқы кезегі пайдалануға берілді (1946).
6 қазан	Өскемен қаласының Құрметті азаматы Владимир Иванович Шаровтың туғанына 80 жыл (1946-2002).
7 қазан	Кеңес Одағының Батыры, ШҚО Самар ауданының тумасы Федор Петрович Польшиннің туғанына 115 жыл (1906-1981).
-	Актер, Қазақстанның Халық әртісі, ШҚО Күршім ауданының тумасы Досхан Қалиұлы Жолжақсыновтың туғанына 75 жыл (1951).
-	Ақын, ШҚО тумасы Владислав Константинович Артюшатскийдің туғанына 85 жыл (1941-2004).

10 қазан	Жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ШҚО Тарбағатай ауданының тумасы Ғазиз Сапаевтың туғанына 100 жыл (1926-2010).
16 қазан	Өскемен аспаптар зауытының алғашқы өнімін шығарғанына 65 жыл (1961).
20 қазан	Мүсінші, КСРО Суретшілер одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысына қатысушы Борис Дмитриевич Шишовтың туғанына 100 жыл (1926-1996).
23 қазан	Кеңес Одағының Батыры, ШҚО Риддер қаласының тумасы Сергей Константинович Гуляевтың туғанына 110 жыл (1921-1986).
24 қазан	Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің шыққанына 95 жыл (1931).
31 қазан	Өскемен қаласында В. В. Воровский атындағы педагогикалық техникумның ашылғанына 105 жыл (1921).
ҚАРАША	
2 қараша	Геология-минералогия ғылымдарының докторы, ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың туғанына 120 жыл (1906-1997).
11 қараша	Тарих ғылымдарының докторы, профессор Советхан Қабдуалиұлы Игібаевтың туғанына 85 жыл (1941-2021).
15 қараша	Өскемен қаласының Құрметті азаматы Михаил Семенович Лабуковтың туғанына 80 жыл (1946).
17 қараша	Өскемен қаласының Құрметті азаматы, ШҚО Күршім ауданының тумасы Бағдат Мұхаметұлы Шаяхметовтың туғанына 80 жыл (1946-2013).
19 қараша	Өскемен құрылыс-жол институтының (қазіргі Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ) алғашқы ректоры Дәулет Мырқасымұлы Серікбаевтың туғанына 105 жыл (1921-1972).
23 қараша	Шемонаиха кентінің қала мәртебесіне ие болғанына 65 жыл (1961).
ЖЕЛТОҚСАН	
9 желтоқсан	Бірқатар географиялық жаңалықтар ашқан Алтай зерттеушісі, саяхатшы Василий Васильевич Сапожниковтың туғанына 165 жыл (1861-1924).
16 желтоқсан	Жазушы, ШҚО Күршім ауданының тумасы Талаптан Ахметжанның туғанына 65 жыл (1961-2010).
-	Желтоқсан оқиғасына 40 жыл (1986).

23 желтоқсан	Журналист, ақын, КСРО Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ШҚО Зайсан ауданының тумасы Есет Әукебаевтың туғанына 105 жыл (1921-2008).
24 желтоқсан	Кеңес Одағының Батыры, ШҚО Самар ауданының тумасы Николай Яковлевич Фоновтың туғанына 115 жыл (1911-1950).
28 желтоқсан	Журналист, жазушы, суретші Виктор Сергеевич Меньшиковтың туғанына 100 жыл (1926).
-	Өскемен өзен портының пайдалануға берілгеніне 60 жыл (1966).
30 желтоқсан	Жазушы Николай Иванович Ановтың туғанына 135 жыл (1891-1980).
-	Өскемен минералды мақта бұйымдары зауытының бірінші кезегінің іске қосылғанына 65 жыл (1961).
-	Малеев кенішітің бірінші кезегі пайдалануға берілгеніне 40 жыл (1986).
АЙЫ, КҮНІ БЕЛГІСІЗ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН АТАУЛЫ КҮНДЕР	
Өскемендегі Қасиетті Троица ғибадатханасының қайта құрылғанына (1991).	35 жыл
Суретші, ШҚО Зайсан ауданының тумасы Ғұмар Ескендірұлы Макаровтың туғанына (1951).	75 жыл
Өскемен қаласының Құрметті азаматы Алексей Григорьевич Плахутаның туғанына (1936-2000).	90 жыл
Хирург, ақын Леонид Макиенконың туғанына (1936).	
Өскемен қаласында алғашқы мемлекеттік радиохабар тарату қондырғысы жұмысының басталғанына (1936).	
Өскемен теміржол вокзалының ашылғанына (1936).	
Пожарный переулк Максим Горький көшесі болып өзгертілгеніне (1936).	90 жыл
Суретші, ШҚО Шемонаиха ауданының тумасы Александр Гаврилович Поповтың туғанына (1926-2001).	100 жыл
Кеңес Одағының Батыры, ШҚО Күршім ауданының тумасы Василий Васильевич Бунтовскихтің туғанына (1921-1945).	105 жыл
Кескіндемеші-график Борис Иванович Французовтың (1911–1987) туған күні.	115 жыл
Мүсінші, Өскемен қаласының Құрметті азаматы Леонид Иванович Маковеевтің туғанына (1911-1998).	
Орыс ғалымы Владимир Афанасьевич Обручевтің Шығыс Қазақстанды зерттегеніне (1911).	
Ғалым, техника ғылымдарының докторы (1964), профессор (1967), Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі (1967), Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1976), 1944-1952 жылдары Қорғасын-мырыш комбинатында техникалық бөлімнің бастығы, бас инженер, директор	

қызметтерін атқарған Лев Соломонович Гецкиннің туғанына (1911-1992).	
Өскемен қаласында «Эхо» кинотеатрының ашылуына (1911).	
Өскемен қаласында Қалалық ерлер училищесінің ашылуына (1881).	145 жыл
ШҚО Катонқарағай ауданы Өрел ауылының құрылғанына (1871).	155 жыл
ШҚО Шемонаиха ауданы Сугатовское ауылының құрылғанына (1851).	175 жыл
Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданының орталығы Аягөз қаласының негізі қаланғанына (1831).	195 жыл
Үлбі кентінің құрылғанына (қазір ШҚО Өскемен қаласының құрамына кіреді) (1796).	230 жыл
Зыряновск қаласының (қазіргі Алтай қаласы) құрылғанына (1791).	235 жыл
Белгілі ғалым П. С. Палластың Кенді Алтайды зерттегеніне (1771).	255 жыл
Бұқтырма бекінісінің құрылғанына (1761).	265 жыл
Глубокое ауылының құрылғанына (1761).	
ШҚО Шемонаиха ауданы Николаев кенішінің ашылуына (1761).	
МЕРЕЙГЕР КІТАПТАР	
М. Зверевтің «Заповедник пестрых гор» кітабына (1946).	80 жыл
Ғ. Қайырбековтың «Дала қоңырауы» поэмасы (1956).	
А.В.Затаевичтің «Қазақтың 500 ән-күйі» музыкалықэтнографиялық еңбегінің жарыққа шыққанына (1931).	95 жыл

II БӨЛІМ: АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ПАВЕЛ ПАВЛОВИЧ ЖУРБА



Ұлы Отан соғысы — адамзат тарихындағы ең қасіретті әрі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл соғыста миллиондаған адамдар майданда ерлікпен шайқасты, олардың ішінде Қазақстанда туған көптеген батырлар бар. Солардың бірі — жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Павел Павлович Журба. Оның ерлігі, табандылығы мен елге деген адалдығы бүгінгі ұрпақ үшін патриоттық үлгі болып табылады.

Павел Павлович Журба 1916 жылы 6 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Дарственное ауылында дүниеге келді. Қарапайым шаруа отбасында өскен ол бала кезінен еңбекке ерте араласып, ауыл шаруашылығы мен тұрмыстық жұмыстарға көмектесті. Бала кезіндегі тәрбиесі мен еңбек жолы оның жауапкершілік пен төзімділік қасиеттерін қалыптастырды.

Мектеп бітірген соң Павел Журба туған өлкесінде еңбек етті. Соғысқа дейінгі жылдары Маркаколь руднигінде асхана меңгерушісі болып жұмыс істеді. Оның еңбектегі тиянақтылығы мен ұйымдастырушылық қабілеті көзге түсті.

Әскери қызметінің басталуы 1937 жылы Павел Журба алғаш рет Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1938 жылы ол Хасан көлі маңындағы ұрыстарға қатысып, әскери тәжірибесін арттырды. Әскерден босатылған соң бейбіт өмірге оралады, алайда 1941 жылы соғыс басталған соң қайтадан майданға аттанды.

Ол 132-ші бөлек саперлік батальон құрамында әскери міндетін атқарды. Саперлер бөлімінің жұмысы ең қауіпті бөлімдердің бірі болғандықтан, Журба көптеген күрделі тапсырмаларды орындады. Ол миналарды залалсыздандыру, өткелдер салу, әскерді өзендерден өткізу сияқты жұмыстарды атқарды.

Павел Павлович Журбаның ең әйгілі ерлігі — 1943 жылдың қыркүйегінде Днепр өзенін форсирлеу операциясы кезінде көрсеткен батылдығы.

Аса ауыр жағдайда үлкен батылдық пен ерлік танытқаны үшін Павел Павлович Журбаға 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сондай-ақ ол Ленин орденімен, Қызыл Жұлдыз орденімен, I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

1944 жылы алған ауыр жарақаты салдарынан Журба әскери қызметтен босатылды. Соғыстан кейін ол Алматы қаласында және республиканың басқа аймақтарында қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Ол ДОСААФ ұйымында басшылық қызметте болды, кейін Қазақ КСР-інің Еңбек резервтері жүйесінде еңбек етті. Өмірінің соңғы жылдарын Өскемен қаласында өткізіп, 1989 жылы 30 қаңтарда дүниеден өтті.

Павел Павлович Журба — Ұлы Отан соғысының батырлары арасында ерекше орын алатын қаһарман. Оның Днепрді форсирлеу кезіндегі ерлігі тың ұйымдастырушылық қабілет пен өжеттікті қажет етті. Журбаның есімі Қазақстанның тарихында ғана емес, халықтың жадында мәңгі сақталады. Оның өмір жолы — жас ұрпақ үшін нағыз ерлік пен отансүйгіштіктің үлгісі.

Әдебиеттер тізімі:

Журба,	Павел	Павлович	//
Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары: энцикл. жинақ /			ред.
Г. Мұзафарова; сарапшы Ғ. Жандыбаев. - Алматы, 2010. – Б. 253. : фот. - (Жеңіс).			

Журба, Павел Павлович // Шығыс Қазақстан Облысы: энцикл. / Бас ред.: Б. Ө. Жақып. - Алматы, 4 – Б. 354 - 355. : фот.

КӘДІРБЕК СЕГІЗБАЙҰЛЫ



Жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Құрметті азаматы Кәдірбек Сегізбайұлы, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, қаламгерлік қарымы дараланған тұлғалардың бірі. Ол – қазақ журналистикасы мен прозасының дамуына айрықша үлес қосқан жазушы, аудармашы әрі баспагер. Оның шығармалары адамгершілік, туған жер, өмір тағылымы, ұлттық мәдениет тақырыптарымен ерекшеленеді.

Кәдірбек Сегізбайұлы 1941 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Жарсу ауылында дүниеге келген. Балалық шағы табиғаты бай Зайсан өңірінде өткен болашақ жазушының өмірге, туған жерге деген сезімі кейінгі шығармаларында кең орын алған.

Орта мектепті аяқтағаннан кейін ол Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, кәсіби білім алады. Шығармашылық жолы баспасөзде басталады. Ол «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде, «Зерде» журналында, «Жалын» баспасында жауапты қызметтер атқарады.

Кейіннен «Жалын», «Қазақ энциклопедиясы», «Санат», «Атамұра» сияқты ірі баспа орындарында редактор, бөлім меңгерушісі, баспа директоры болды. Бұл жылдары ол қазақ баспа ісінің дамуына елеулі үлес қосты.

Кәдірбек Сегізбайұлы – қазақ прозасының өркендеуіне үлес қосқан жазушы. Оның шығармаларының басты ерекшелігі – шынайылық, өмірлік оқиғалардың терең суреттелуі, адам тағдырының психологиялық қырларының ашылуы.

Оның белгілі шығармалары: «Беласқан», «Жап-жасыл әлем», «Жер ортасы», «Жол», «Ашылмаған сыр», «Жылыбұлақты жайлаған жазда» және т.б.

Жазушының шығармаларында туған жер табиғатының көркем суреттері мен қазақ тұрмысының қыр-сыры көрініс табады. Оның шығармалары жасөспірімдерге де жақын, түсінікті әрі тәрбиелік мәнге ие.

Сонымен қатар, К. Сегізбайұлы – аудармашы. Ол шетел жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, ұлттық әдебиеттің дамуына үлес қосты. Сондықтан Кәдірбек Сегізбайұлының шығармашылық жолы — жас ұрпақ үшін өнеге.

Әдебиеттер тізімі:

Кәдірбек Сегізбайұлы. // Қазақстанның көркем әдебиеті. 1968 - 1977: библиогр. көрсеткіш. 3-кітап / құраст. М. Әбілова ; алғы сөз авт. А. К. Рахимова. - Алматы, 2012. - Б. 243.

Сегізбай Кәдірбек // Шығыс жұлдыздары: энцикл. анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары / құраст.: Ұ. Есдәулет, Қ. Құрмансейіт, Д. Кәпұлы; ред. Қ. Құрмансейіт. - Астана, 2011. - Б. 147-148. : фото

Сегізбаев Кәдірбек // Шығыс Қазақстан Облысы: энцикл. / Бас ред.: Б. Ө. Жақып. - Алматы, 2014. - Б. 676. : фот.

Кәдірбек Сегізбайұлы // Қабышұлы, Ғаббас. Сексенді шоқтығынан ұстады! / Ғ. Қабышұлы. - Мәтін // Қазақ әдебиеті. - 2021. - 21 мамыр (№21). - Б. 10.

Кәдірбек Сегізбайұлы // Сегізбаева, Қарлығаш. Оймаржан:
[көрнекті жазушы К. Сегізбай шығармаларындағы көркем сөйлемдер] /
Қ. Сегізбаева. - Мәтін // Ана тілі. - 2025. - 1 мамыр (№18). - Б. 4.

ДОСХАН ҚАЛИҰЛЫ ЖОЛЖАҚСЫНОВ



Қазақстанның Халық әртісі Досхан Жолжақсынов 1951 жылы 7 қазанда дүниеге келген. Ол Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының Балықшы ауылында (кейбір дерек бойынша «кент» деп аталады) туған. Өнерге қызығушылығы балалық шақтан басталған.

1969 жылы Алматыдағы Кұрманғазы атындағы Өнер институтына (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) түседі. Онда белгілі әртіс әрі педагог Хадиша Букееваның шеберханасында білім алып кәсіби актерлік және драматургиялық дағдыларын жетілдірген.

1972 жылы театр сахнасында дебют жасап «Алтын қабырға» атты қойылымда алғашқы рөлін алады. Қазақ жастары мен балалар театрына (Жастар театрына) актер, кейін сол театрда директор қызметін атқарады. Ол ұлттық тарихты, қазақ батырлары мен классикалық тұлғаларды кино арқылы халыққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Актер ретінде ғана емес, режиссер ретіндегі рөлі де бар. Оның театрда да, кинода да өте көп рөлдері бар, жалпы 200-ден астам роль сомдаған. Ол әртүрлі жанрларда — тарихи драмалардан бастап эмоционалды кейіпкерлерге дейін рөлдер сомдаған. Танымал фильмдерге қатысқан, олардың арасында: *Гауһартас*, *Даладағы қуғын*, *Алтын күз*, *Омпа*, *Көшпенділер*, «*Біржан сал*», «*Құнанбай*» және т.б. Режиссер ретіндегі жұмыстары да айрықша мысалы, «*Біржан сал*» және «*Құнанбай*» фильмдерін түсірген.

Актердың «Құнанбай» фильміндегі рөлі қазақтың тарихи тұлғаларын экранда көрсетуге деген үлкен талпыныстың белгісі болған. Халықаралық деңгейде де танымал рөлдері бар мысалы, «*Nomad: The Warrior*» фильмінде.

2019 жылы Qazaq Kuresi (Қазақ күресі) дүниежүзілік федерациясының құрметті президенті болып сайланған. 2021 жылы Досхан Жолжақсыновқа «Отан» ордені берілді, бұл оның өнерге, мәдениетке қосқан ерекше үлесін мойындау. Сондай-ақ ресми түрде көптеген мемлекеттік және мәдени марапаттарға ие. Досхан Жолжақсынов қазақ өнерінің «алтын қорының» бір бөлігі: оның рөлдері халық жадында ұзақ сақталады.

Оның шығармашылығы келешек буын үшін үлгі, әрі ұлттық мәдениетті байытып, көрерменді ойландыратын жұмыстарды береді.

Әдебиеттер тізімі:

Досхан Қалиұлы Жолжақсынов // Теменов, Т.
Беймәлім таныс бейнелер: жинақ / Т. Теменов. – Астана, 2022. – Б. 160.: 16 б. түрлі-түсті сурет.

Жолжақсынов Досхан // Шығыс жұлдыздары: энциклоп. анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары / құраст.: Ұ. Есдәулет, Қ. Құрмансейіт, Д. Кәпұлы; ред. Қ. Құрмансейіт. - Астана, 2011. – Б. 221-222. : фото

Досхан Жолжақсынов «Отан» орденімен
марапатталды. - Мәтін // Менің өлкем. - 2021. - 14 қазан (№ 41). - Б. 9.

Досхан Қалиұлы Жолжақсынов // Естенбаев, Жангелді. Дара тұлға, дана актер / Ж. Естенбаев. - Мәтін // Мәдениет. - 2009. - №12. - С. 11 - 15. : портр. - (Өнердің өз өкілі).

Досхан Қалиұлы Жолжақсынов // Жолжақсынов, Ерік.
Менің негізгі эталоным - Досхан ағам / Е. Жолжақсынов. - Мәтін // Ұлт болмысы. - 2018. - №1-2. - Б. 38-39.

Досхан Қалиұлы Жолжақсынов // Жолжақсынова, Зинаш.
«Әке көрген оқ жонар...» / З. Жолжақсынова. - Мәтін // Ұлт болмысы. - 2018. - №1-2. - Б. 36.

Досхан Қалиұлы Жолжақсынов // Әл-Тарази, Тұңғышбай. «Мақтаймын, әрі онымен мақтанамын» / Т. Әл-Тарази. - Мәтін // Ұлт болмысы. - 2018. - №1-2. - Б. 20.

Досхан Қалиұлы Жолжақсынов // Обаев, Есмұқан. «Аристократ артис» / Е. Обаев. - Мәтін // Ұлт болмысы. - 2018. - №1-2. - Б. 21.

Досхан Қалиұлы Жолжақсынов // Шарманов, Төрегелді.
«Құнанбайды сомдауы - актерлік өнерінің шыңы болды» / Т. Шарманов. - Мәтін // Ұлт болмысы. - 2018. - №1-2. - Б. 18-19.

ЕСІМДЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ:

АТЫ-ЖӨНІ	БЕТІ
Абдуллин Мүсілім	7
Абдуллин Ришат	7
Алексеевко Александр Николаевич	9
Алексеевко Николай Владимирович	12
Аманжолов Керейхан Рахымжанұлы	12
Анисимов Семен Михайлович	14
Анов Николай Иванович	19
Артюшатский Владислав Константинович	16
Асқаров Әлібек Асылбайұлы	6
Ахметжан Талаптан	18
Әділбаев Жұмаділ Әділбайұлы	9
Әукебаев Есет	18
Бердус Иван Васильевич	5
Бунтовских Василий Васильевич	20
Волков Александр Мелентьевич	11
Геворкян Арсентий Иванович	14
Герасимов Семен Николаевич	9
Германов Виктор Григорьевич	6
Головков Михаил Николаевич	13
Головченко Василий Евстафьевич	5
Гуляев Сергей Константинович	16
Егорина Анна Васильевна	7
Егоров Александр Иванович	9
Ефремов Дмитрий Иванович	11
Жолжақсынов Досхан Қалиұлы	16, 27
Журба Павел Павлович	7, 23
ЖүнісовАхмет	12
ИгібаевСоветхан Қабдуалиұлы	17
ИевлевПавел Антонович	8
Инюшин Михаил Васильевич	9
Кратенко Андрей Иванович	9
Крахмаль Алексей Семенович	8
Қайроллин Дауыл (Жайлаухан)	12
Қуантайұлы Нұржан	7
Құнантаева Күләш	6
Лабуков Михаил Семенович	17
Макаров Ғұмар Ескендірұлы	20
Макеев Иван Георгиевич	14
Макиенко Леонид	20
Маковеев Леонид Иванович	21
Машанов Ақжан Жақсыбекұлы	17
Меньшиков Виктор Сергеевич	18
Михаэлис Евгений Петрович	14

Немцев Михаил Сергеевич	9
Обручев Владимир Афанасьевич	21
Пермитин Ефим Николаевич	5
Петровский Никандр Александрович	14
Пивоваров Павел Савельевич	13
Плахута Алексей Григорьевич	20
Плохих Владимир Георгиевич	12
Полынин Федор Петрович	15
Попов Александр Гаврилович	20
Сапаев Ғазиз	16
Сапожников Василий Васильевич	18
<i>Сегізбаев Кәдірбек</i>	10, 25
Седельников Александр Никитич	12
Серікбаев Дәулет Мырқасымұлы	17
Спирин Василий Романович	6
Сухорукова Вера Николаевна	14
Тұрғанбаев Ержан Сабырбекұлы	9
Фонов Николай Яковлевич	18
Французов Борис Иванович	20
Худяков Евгений Лазаревич	9
Черкашина Алимпиада Ивановна	6
Шаров Владимир Иванович	15
Шаяхметов Бағдат Мұхаметұлы	17
Шишов Борис Дмитриевич	16
Шренк Александр Иванович	6
Юсуп Кеңес	12
Яроцкий Иван Михайлович	11

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан	3
2026 жылы шығыс қазақстан облысы көлемінде аталып өтілетін және еске алынатын даталар	5
Айы, күні белгісіз аталып өтілетін даталар	19
Мерейгер кітаптар	21
Аталып өтілетін мерейтой иелеріне қысқаша анықтама және әдебиеттер тізімі	22
Павел павлович журба	22
Кәдірбек сегізбайұлы	25
Досхан қалиұлы жолжа	27
Есімдердің алфавиттік көрсеткіші	30

Құрастырған:
Редактор:
Шығаруға
Жауапты:

БУХАНОВА Ж. Н.
КАЗИМОВА Г. А.
КЕНЖЕБЕКОВА Н. М.

